

Абсатова М.А.¹, Абдрахманова Р.Б.¹, Абдрахманов А.Э.¹

¹Абай атындағы ҚазҰПУ
Қазақстан республикасы, Алматы қаласы
absatovamar@mail.ru

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚИТУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫҢ КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТІНДЕГІ ЦИФРЛЫҚ РЕСУРСТАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

Аннотация

Мақалада зерттеуші авторлар қашықтықтан оқыту жағдайындағы педагог-психологтың кәсіби іс-әрекетіндегі цифрлық ресурстардың маңызын қарастыруға тырысқан. Заманауи талаптар, әлемдегі жаһандық үрдістер өз таңбасын барлық іс-әрекеттің салаларына басуда, соның ішінде білім беру саласы да тыс қалмады. Қазіргі жағдайда барлық білім беру мекемелері қашықтықтан оқыту форматына көшуде, осы себепті болашақ маманға цифрлық ресурстарды, платформаларды, технологияларды меңгеру қолайлы және тиімді.

Ғылыми -педагогикалық, арнайы әдебиеттерді талдау барысында цифрлық ресурстардың, платформаларды меңгерудің маңызды артықшылықтары қарастырылады. Жоғары оқу орнының білім беру үрдісінде цифрлық ресурстарды пайдалану тек теориялық тұрғыда анықталып қана қоймай, авторлардың тәжірибелік жаңашылдығы ашылады. Цифрлық ресурстардың мысалы ретінде Google сервисі, Google Jamboard онлайн тақтасы, Google Forms құралы, Online test Pad платформасы қарастырылады. Аталмыш платформалардағы білімалушылардың жұмыстары, сауалнама нәтижелері анықталған.

Кілт сөздер: цифрлық ресурстар, цифрлық платформалар, Google сервисі, Google Jamboard онлайн тақтасы, Google Forms құралы, Online test Pad платформасы.

Абсатова М.А.¹, Абдрахманова Р.Б.¹, Абдрахманов А.Э.¹

¹ҚазНПУ им Абая
Республика Казахстан, г. Алматы

ЗНАЧЕНИЕ ЦИФРОВЫХ РЕСУРСОВ В ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ УЧИТЕЛЯ-ПСИХОЛОГА В ДИСТАНЦИОННОМ ОБРАЗОВАНИИ

Аннотация

В статье авторы исследователи попытались рассмотреть проблему значимости цифровых ресурсов в профессиональной деятельности педагога-психолога в условиях дистанционного обучения. Современные требования, глобализационные процессы мира оставляют свой отпечаток во всех сферах деятельности, в том числе на стороне не осталась и сфера образования. В сегодняшних условиях все организации образования перешли на дистанционный формат обучения, поэтому будущему педагогу удобно и эффективно освоение цифровых ресурсов, платформ и технологий.

Анализ научно-педагогической, специальной литературы показал, что можно определить важные особенности применения цифровых ресурсов, платформ. Применение цифровых ресурсов в образовательном процессе высшего учебного заведения определяется не только на теоретическом уровне, но также раскрывается инновационный

практический опыт авторов. В качестве примера использования цифровых ресурсов рассматриваются Google сервис, Google Jamboard онлайн доска, средство Google Forms, платформа Online test Pad. На данных платформах раскрываются работы обучающихся, результаты опросника.

Ключевые слова: цифровые ресурсы, цифровые платформы, Google сервис, Google Jamboard онлайн доска, средство Google Forms, платформа Online test Pad.

Absatova M.A.¹, Abdrakhmanova R.B.¹, Abdrakhmanov A.E.¹

¹Abai Kazakh National Pedagogical University

¹(Almaty, Kazakhstan)

THE IMPORTANCE OF DIGITAL RESOURCES IN THE PROFESSIONAL ACTIVITY OF A TEACHER-PSYCHOLOGIST IN DISTANCE EDUCATION

Abstract

In the article, the authors of the researchers tried to consider the problem of the importance of digital resources in the professional activity of a teacher-psychologist in the conditions of distance learning. Modern requirements, the globalization processes of the world leave their imprint in all spheres of activity, including the field of education has not remained on the side. In today's conditions, all educational organizations have switched to a distance learning format, so it is convenient and effective for a future teacher to master digital resources, platforms and technologies.

The analysis of scientific and pedagogical, specialized literature has shown that it is possible to identify important features of the use of digital resources, platforms. The use of digital resources in the educational process of a higher educational institution is determined not only at the theoretical level, but also reveals the innovative practical experience of the authors. Google Service, Google Jam board online whiteboard, Google Forms tool, Online test Pad platform are considered as an example of using digital resources. The work of students and the results of the questionnaire are revealed on these platforms.

Key words: digital resources, digital platforms, Google service, Google Jam board online whiteboard, Google Forms tool, Online test Pad platform.

Кіріспе. ХХІ ғасырдың басты ерекше сипатына жоғары деңгейдегі белгісіздік дәрежесі жатады, ол өз кезегінде барлық әлеуметтік -экономикалық дамудың компоненттерінде көрініс табады. Әлемдегі жаһандық үрдістер экономика саласына да, әсіресе білім беру саласы мен жоғары білім беру сатысына да өз әсерін тигізуде.

Қазіргі таңда өзге дамыған елдермен қатар, Қазақстан республикасының білім беру жүйесі де қарқынды түрде қашықтықтан оқыту форматына ауысуда. Осы тұста кез келген білім беру мекемесінің алдында, соның ішінде, ең алдымен, педагог алдында шұғыл түрде қашықтықтан оқыту жағдайында цифрлық ресурстар мен платформаларды игеру міндеті тұр. Цифрлық ресурстар мен платформалар оқыту үрдісін жаңа деңгейге арттыруға мүмкіндік берері сөзсіз.

Педагогикалық үрдіске жүйелі және бірізділікпен ендірілген цифрлық ресурстар мен платформалар педагогтың тек қана әдістемелік құралдарын кеңейтіп қана қоймайды, сонымен қатар оқыту үрдісінің мазмұнын, оқыту үрдісіне қатысушылар арасындағы қарым-қатынасты толығымен өзгертіп, сапасын арттыра алады.

Оқытудың заманауи парадигмаларының ауысуы педагог ұстанымдарының жаңалауын, әсіресе өзімен жұмыс жасауды талап етеді.

Зерттеудің әдіснамасы мен әдістері: зерттеу барысында біз тұлғаға бағытталған амалды, іс-әрекеттік амалды басшылыққа алдық.

Зерттеу әдістері: педагогикалық, арнайы әдебиеттерге талдау, салыстыру, жүйелеу, жинақтау, сауалнама, эксперимент.

Зерттеу нәтижелері:

Ғылыми-педагогикалық, арнайы әдістемелік әдебиеттерді талдау барысында оқыту үрдісін цифрландырудың біршама жағымды тұстарын анықталғанын көруге болады.

Ғалым Гаспарян Д.Э. «білім беру үрдісінде цифрлық технологияларды пайдалану заманауи білім беру мен ғылымның дамуына жемісті әсер етуде, білім беру үрдісінің өзінің тиімділігін арттырады және оның қайтарымы бар... жеке бөлек білімалушы мен оқытушының өзара әрекеттесу үрдісінде өнімділігінің өсуіне бағытталған»-деп анықтаған [1].

Цифрландыру -білім беру саласының инновациялық тәжірибесі ретінде таным субъектісін әрекет етуші субъектке түрлендіреді, «педагог-білімалушы» өзара әрекеттесуді диалогтық ынтымақтастыққа өзгертеді, дәстүрлі оқытуды интерактивті оқытуға ауыстырады [2].

Уваров Ю.А. қарастырғандай, цифрлық технологиялар кез-келген ақпараттың түрімен жұмыс жасауға мүмкіндік беретін маңызды құрал [3]. Бұған дәлел ретінде, біріншіден, цифрлық құрал- мәліметтерді сақтау, пайдалану және берудің таусылмас құралы (бұлтты сақтау), ақпараттың цифрлық дереккөздері [4]. Екіншіден, білім берудің коммуникациялық құрамында серпіліс туғызатын өте жоғары жылдамдықтағы интернет. Үшіншіден, бұл жарлы пайдаланатын бағдарламалар- мәтіндік, графикалық редакторлар, электронды кестелер, таныстырылым және бейнемонтаждау құралдары және т.б. Ең соңынан -бұл оқыту бағдарламалары, жаппай онлайн курстары, бейімделуші тренажерлар, түрлі оқу орталары [5].

Цифрлық білім берудің «сапаны жүйелі арттырудың және азаматтардың барлық категорияларына үздіксіз білім беру мүмкіндіктерін кеңейту» сияқты даусыз артықшылықтарын атауға болады:

-қолжетімді, цифрлық технологиялар білімді сапалы жаңа деңгейде алуға болады, әлемнің кез келген нүктесі мен қалаған уақытта, сонымен қатар, мүмкіндігі шектеулі адамдарға да;

-үздіксіз, негізгі іс-әрекет түрін үзбей, жаңа білім,білік, дағдыны меңгеру;

-жеке-даралық, жеке дара білім беру траекториясын қамтамасыз ету «өмір бойы жеке оқу жоспары бойынша» білім алу мүмкіндігі;

-мультимедиа және интерактивтілік, оқу материалын тиімді игеруге және оқу үрдісіне тартуды қамтамасыз етеді;

-медиасауаттылық, оқыту үрдісінде цифрлық технологиялармен жұмыс жасау, цифрлық сауаттылықты арттырып, цифрлық технологияларды кәсіби іс-әрекетінде үнемі пайдалану әдістерін меңгертеді;

- әлеуметтік тапсырысқа жауап ретінде кілттік құзыреттеліктерін- өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі оқыту қабілеттерін қалыптастыру [6].

Нәтижелерді талқылау:

Жоғары цифрлық ресурстардың артықшылықтарын теориялық деңгейде ашуға тырыстық, келесі кезекте нақты мысалдармен тәжірибелік деңгейін қамтамасыз етуді жөн көрдік.

Google сервисі -қашықтықтан білім беруде оқыту үрдісінде кеңінен қолдануға болатын инновациялық ІТ қосымша.

Google корпорациясы келесідей сервистерді пайдалануға мүмкіндік береді:

Gmail-электронды поштасы;

Google Jamboard-онлайн белсенді тақтасы (сурет-1);

Google Forms -сауалнама әзірлеп, жауаптарын жылдам өңдеуге арналған құрал;


Google docs -онлайн Office қосымшасы.

Google сервисін пайдаланудың бірнеше артықшылықтарын атап өтетін болсақ:

-Google сервисінің барлық құралдары пайдалануға ТЕГІН;

- ешқандай қосымша бағдарламалық, ақпараттық жабдықтауды қажет етпейді;
- ұжымдық жұмыс жасау құралы, яғни бір мезетте бір құжатпен бірнеше адам жұмыс жасай алады;

Сурет -1 Google Jamboard онлайн тақтасындағы топтық жұмыс көрінісі (1 топ)



-білімалушылардың өзіндік жұмысын тексеруге, ортақ тапсырмалармен жұмыс жасауға, ортақ пікір алмасуға қолайлы;

-барлық құжат тегін және көлемі үлкен бұлтта автоматты түрде сақталады, арнайы батырма басып, сақтап отыруды қажет етпейді. Компьютер сынып қалған жағдайда барлық ақпарат Google дискісінде сақталып тұрады;

-құжаттармен алмасу оңай әрі жылдам, сілтеме жіберілсе жеткілікті.

Жоғарыда біз оқыту үрдісінде пайдаланған **Google Jamboard** онлайн тақтасын ұсынып отырмыз, сурет-1.

Онлайн тақта топтық жұмыс жасау тиімді, Zoom платформасында топқа бқлу үшін сессиялық залдар функциясын пайдалану жеткілікті, яғни автоматты түрде немесе қолмен білімалушыларды бірнеше мини топтарға бқліп топытқ тапсырма онлайн орындауға мүмкіндік бар.

Суреттен байқағанымыздай, оқыту түрлерін қарастыруда сызда әзірлеу тапсырмасы берілген. Келесі екінші топ жұмысын қарастырсақ, сурет-2.

Сурет -2 Google Jamboard онлайн тақтасындағы 2 топ жұмысы



Суреттерден байқағанымыздай, сол жақта онлайн тақтада жұмыс жасау құралдары берілген: қалам, өшіргіш, стикер, сурет қою, дөңгелек сызу, мәтін теру және т.б.


Бұл онлайн тақтаны оқытушы сабақ басталмай тұрып, алдын ала әзірлесе, онда сабақ барысында біраз уақытын үнемдей алады, білімалушыларға тек қана сілтемені арнайы редактор ретінде орнату міндетті (редактор қызметі белсенді түрде тақтаның барлық мүмкіндіктерін пайдалана алады).

Педагог-психологтың аса маңызды іс-әрекетінің бірі-диагностикалық жұмыстар, сол себепті **Google Forms** құралының мүмкіндігін ашатын болсақ, сурет-3.

Сурет-3 **Google Forms** онлайн сервисінде әзірленген сауалнама

Жоғарыда суреттен байқағанымыздай, сауалнама сұрақтарын әсерлі түрлендіруге мүмкіндіктер қарастырылған, оң жақта орналасқан құралдар: мәтін, сурет, бейнежазба түрінде де сұрақтарды бере аласыз. Яғни арнайы бейнежазба болса, сол бейнежазбаны жүктеп, соны көріп болған соң тест сұрақтарына жауап беруге болатын сияқты мүмкіндіктер немесе бірнеше суреттер жүктеп, сол суреттерді салыстыру немесе дұрысын таңдау деген сияқты бастауыш балаларына арналған мүмкіндіктер бар.

Сурет -4 **Google Forms** онлайн сервисіндегі сауалнамадан алынған жауаптар көрінісі



Суреттен көрініп тұрғандай, сауалнама нәтижесі де автоматты түрде диаграмма түрінде бейнеленеді, яғни сауалнама жауаптарын тез әрі жылдам есептеп, қорытынды нәтиже алуға болады. Мысалға бұл сауалнамаға 22 респондент қатысқан және бірінші сұрақ бойынша жауаптары екіге бөлініп (көк және қызыл түстер), пайыздық көрсеткіші орналасқан.

Келесі педагог-психологтың кәсіби іс-әрекетінде пайдалануға оңтайлы цифрлық құралдың бірі-**Online test Pad** платформасы.

Online test Pad платформасында сауалнама, тест, сабақтар, кроссвордтар әзірлеуге арналған тегін сервис. Білімалушының белгілі бір сапа-қабілетін зерттеуге болықтай мүмкіндігі бар. Біз зерттеу барысында «Тұлғаның даму қажеттілігін жүзеге асыруды бағалау» сауалнамасы еңгізіп, 15 сұрақты қамтыдық, сурет-5..

Сурет-5 Online test Pad платформасындағы «Тұлғаның даму қажеттілігін жүзеге асыруды бағалау» сауалнамасының көрінісі

Online Test Pad

Тұлғаның даму қажеттілігін жүзеге асыруды бағалау

Тұлғаның даму қажеттілігін жүзеге асыруды бағалау

1 из 15

Мен өзімді зерттеуге ұмтыламын.

- ✓ 5 – айтылған тұжырым толықтай сіздің пікіріңізге сәйкес келеді
- ✓ 4 – жоқ деп айта алмаймыз, сәйкес келеді;
- ✓ 3 – ия да, жоқ да;
- ✓ 2 – сәйкес келмейтін сияқты
- ✓ 1 – сәйкес келмейді


2 из 15

Жұмыстарыммен бос болсам да, мен дамуыма уақыт қалдырамын

Бұл сервиске де білімалушыларға немесе респонденттерге тек қана сілтеме беру жеткілікті, олар кез келген ұялы телефон, планшет, компьютер, ноутбук арқылы интернетке қосылған жылдам жауап бере алады. Сонымен қатар, сауалнама нәтижесін тез жинау мүмкіндігі қарастырылған, яғни респонденттердің жауаптарын жеке талдауға және жалпы салыстыруға болады. Төменде суретте біз сауалнама нәтижелерін де қамтып, көрсетуге тырыстық.

Жоғарыда атап өткендей, **Online test Pad** платформасында нәтижелердің өңделген формасын алуға да болады.

Сурет-6 Online test Pad платформасындағы «Тұлғаның даму қажеттілігін жүзеге асыруды бағалау» сауалнамасы нәтижесі



Сауалнама интерпретациясы бойынша сұрақтарға жауап беру нәтижесі бойынша әрбір сұрақтың жауабынан балл жинақтап, жиынтық төмен және жоғары балл жинаған респонденттердің даму қажеттілігінің шынайы даму деңгейін анықтауға болады.

Қорытынды: Сонымен, жоғары қарастырылғандарды түйіндей келе, цифрлық ресурстар немесе цифрлық технологиялар материалды беру сапасын арттырады, білімалушымен кері байланыс жасауға көмек береді, жекелік және топтық жұмысты ұйымдастыруға көмек береді, білімалушының мотивациясын ынталандырады, білімалушыны ізденушілік, зерттеушілік іс-әрекетке ынталандырады.

Заманауи педагог психолог дәстүрлі мен инновацияларды, классикалық әдістер мен жаңа педагогикалық трендтерді біріктіре жұмыс жасай алуы қажет.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Gasparian D.E. *Eticheskie dilemmy primenenuia informatsionnyh tehnologu v sfere obrazovanua: rossusku i zarybejniy opyt*// *Vestnik MGYKI*, 2020 №1

2. Klarin M.V. *Innovatsionnoe obrazovanie: ýroki «nesistemnyh obrazovatelnyh praktik»*// *Obrazovatelnye tehnologu* №1, 2014

3. Ývarov Iý.A. *Obrazovanie v mire tsifrovyyh tehnologu: na pýtu k tsifrovoy transformatsii*. M.: 2018-168s.

4. Bobrova I.I., Plotnikova E.B., Trofimov E.G. *Organizatsia samostoiatelnoi raboty stýdentov s ispolzovaniem oblachnyh tehnologu*// *Sovremennaya pedagogika* №7, 2015 (elektronnyy resýrs)

5. Kýrchatova N.Iý., Sharapýto S.V. *Informatsionnye tehnologu v obrazovatelnom protsesse detskogo sada*.
<https://www.sgu.ru/sites/default/files/conf/files/2020/12/sharaputosv2.pdf>

6. *Sovremennaya tsifrovaya obrazovatel'naya sreda v Rossiyskoi Federatsii, elektronnyy resýrs* <http://neorusedu.ru/>